

АДАМИ КАПИТАЛ- ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҒЫ

«Жаңа Конституцияда адам капиталы ел дамуының басты басымдығы ретінде айқындалды. Білім, ғылым, мәдениет және инновация салаларына ерекше мән беріліп, ұлттық мәдениетті қолдау мен тарихи-мәдени мұраны сақтау конституциялық қағидат деңгейіне көтерілді.

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған Жолдауында елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі оң серпін беру мақсатында айтқан еді.

2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Талқылауларға барлық белсенді азаматтар қосылып, өз пікірлері мен ұсыныстарын e-Open және eGov порталдары арқылы жолдай бастады. Жаңа реформаны кешенді әрі қарқынды талқылау шамамен алты айға созылды. Осы кезең ішінде жұмыс тобы азаматтардан түскен төрт мыңнан астам ұсынысты жан-жақты қарап, жүйелеп шықты.

2026 жылғы қаңтарда Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарып, алдағы өзгерістерге қатысты өз көзқарасын білдірді.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидаттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Конституцияның негізгі басымдығы – адамға бағдарланған мемлекет тұжырымдамасы.

Адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет Конституцияның Преамбуласында мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жарияланып отыр. Бұл декларативті формула емес, бүкіл Конституцияның мазмұнын айқындайтын бағдар. Бірлік пен ынтымақ, ұлтаралық және дінаралық келісім мемлекеттіліктің іргетасы ретінде бекітіледі. Егемендік, тәуелсіздік, унитарлық сипат пен аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар қатарына жатқызылған.

Жаңа Преамбулада адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде белгіленді. Егемендік пен Тәуелсіздік, біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылық санатына жатады.

3-БЕТТЕ

АУЫЛДЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Бұл жолғы сапарымыз – қала іргесіндегі Қызылжарма ауылы. Жүйткіген көлікке жайлылық сыйлаған тақтайдай тегіс жол ауылдың сәулеті мен шырайынан сыр шерткендей. Ауыл деген аты болмаса мұнда зырылдап жүріп жатқан жолаушылар көлігі ауыл мен қала арасында ағылып жатыр. Біз маңдай тіреген Қызылжарма ауылдық округіне қалаға қарай 5 автобус дамысыз қатынап тұр. Еңсе тіктеген елдің бүгінгі жай-күйі бізге ерекше шабыт сыйлады. Кәсібі өркендеген, бау-бақшасы жайқалған, төрт түлгі түгел ауылда екі қолға бір күрек таппай сенделген адам көрмедік. Онерлінің өрісін кеңейткен ауылдық клуб, білім шырағын жаққан 2 мектеп, балақайларға жылы ұя болған балабақшалар ауыл өмірінің айнасындай қызылжармалықтарды рухани азықпен кемелдендіріп отырғанын көзбен көрдік.

Ауыл әкімі Шәріп Әбдірахмановпен тілдесіп, елді мекенде атқарылып жатқан жұмыс жайын білдік.

– Қалалық бюджеттен бөлінген 5 млн теңгеге ауылды абаттандырып, коғалдандырып жатырмыз. Бесарна, Тентекөзек, Қоңыртобе көшелеріне жарық бағаналары орнатылды. Тазалық жұмысына қаржы қаралып, елді мекеннің көшелері уақытылы коқыстан тазартылып тұр. Балалар үйі ойын алаңдарын салу кезек күттірмейді. Жергілікті бюджеттің қаржысына Ұстабаев көшесіне балалар ойын алаңының құрылысын «Ай-Дан» ЖК жүргізуде. Биыл облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға ауылдық округтегі Мейрманов, Алмағанбетов, Ділдебаев, Абсадов, Ибраева, Құлжанов, Нақып-

ұлы, Қараарын, Төсбұлақ, Алтықұлаш, Терісақпай, Күркіреуік, Теренсай, Қаратау көшелерін қайта жаңғыртуға 1,4 млрд теңге бөлініп, қазіргі таңда «Қызылорда жолдары» ЖШС, «Ақжүз Авто» ЖШС мердігер мекемелері жолды жөндеуге қызу кірісіп кетті.

Сондай-ақ қалалық құрылыс бөлімі арқылы ұзындығы 50 шақырым 67 көшеге 2025-2026 жылдарға республикалық бюджеттен 1 млрд 915 млн теңге бөлінді. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесімен «Сәт Сервис» ЖШС жеңімпаз атанып. Қазіргі таңда округтегі электр желісін жанартып жатыр, – дейді ауылдық округ әкімі.

Шынында, жол құрылысы қарқын алғанына куә болдық. Ауылда қызу жұмыс жүрді. Орайы келгенде,

жол жөндеп жатқан мамандармен сөйлестік.

– Мұнда келіп жұмыс істеп жатқанымызға 10 күн болды. Жаңа жайылған асфальт езілмеу үшін жолдың жиегін бекітудеміз. Жергілікті тұрғындар қуанып жатыр. Жұмысты бітірген соң сапаны қадағалайтын мамандар қабылдап алады. Мақсатымыз – сапалы жол салу, – дейді «Қызылорда жолдары» ЖШС құрылыс мекемесінің жол шебері Ерлан Аташов.

– Жол жөндеу жұмысын наурызда бастадық. Бүгінде 3 бригада дамысыз жұмыс істеуде. 50 шақты жұмысшы жұмылдырылған. 5 көшеге қиыршық тас төседік. Жоспарымыз – 13 көшені жөндеу. Сапаға ерекше мән берудеміз. Ауылдық округтің шет көшелеріне дейін жөндеу қарастырылған. Шілденің соңында асфальт төсеіп, жөндеу жұмысын бітірмекпіз. Қызылжармалықтар биыл жол қиындығын көрмейді деп ойлаймын, – дейді мекеменің бас инженері Болат Әліпбаев.

Ауылдық округ әкімі жол жөндеу бағытындағы болашақ жоспарлармен де таныстырды. Елді мекеннің жер көлемі үлкен болғандықтан көше саны да көп. Мәселен, тұрғындардың өтініші бойынша Батырбаев түйігі, Бесарна, Тентекөзек, Қоңыртобе көшелеріне тас төселмек. Сондай-ақ жергілікті бюджеттен бөлінген 4 млн теңгеге орталық көшелерге 40 жол белгісі орнатылып, таңбаланбақ 3,8 млн теңгеге бұрын салынған көшелердің ой-шұқыры тегістемек. Абай көшесінен балалар ойын алаңын салу жоспарға еніпті.

4-БЕТТЕ



Ақмешіт

13 мамыр сәрсенбі
№35 (2247)
2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНА АЙНАЛҒАН ҚАЛА



Облыс орталығында құрылыс қарқынды жүрді. Жолдар жөндеуде. Бүгінге дейін бірқатар жаңа нысан, тұрғын үйлер ел игілігіне берілді. Шаһарда бой көтеріп жатқан тұрғын үйлер, жаңарған жолдар, салынып жатқан әлеуметтік нысандар қатары аз емес.

Атап айтқанда, «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүрді. Жалпы аумағы 26 мың шаршы метр болатын кешенде 50 метрлік жүзу бассейні, Әлем, Азия ойындары секілді халықаралық жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған. Пайдалануға берілгеннен кейін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге ыңғайлы болмақ. Нысанды осы жылдың тамыз айында іске қосу жоспарланған.

Сонымен қатар сол жағалаудағы 600 пәтерлік 5 және 9 қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысы аяқталғанын тұрғындар асыға күтіп жүр. Жобаға 11 млрд 364 млн теңге қаралған. 33 мың шаршы метр заманауи тұрғын үй кешенінде 8 ойын және воркаут алаңы, 3 демалыс аймағы орналасады.

Қаламызда салынып жатқан ірі медициналық жобалардың бірі – 300 төсектік көпбейінді аурухана. Ауқымды әлеуметтік нысан Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асуда. Жоба аясында бір ауысымда 100 адам қабылдайтын емхана да қарастырылған. Құны 36 млрд 416 млн теңгені құрайтын

жоба өңірдегі халықаралық стандарттарға сай ең ауқымды медициналық кешендердің бірі саналады. Құрылысты «Мелиоратор» серіктестігі жүзеге асыруда. Аурухана заманауи техникалық шешімдер негізінде жобаланған. Мұнда диагностика мен емдеудің инновациялық тәсілдері енгізіліп, жоғары технологиялық медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілмек. Сондай-ақ онкологиялық бөлімшенің ашылуы да маңызды.

Қала тұрғындары үшін маңызды бар жобалардың бірі – ауысымына 400 келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхананың жаңа ғимараты. Бұл нысан әсіресе, Титов шағын ауданы мен оған іргелес аумақтарда тұратын халық үшін аса маңызды. Жалпы құны 9 млрд 823 млн теңгені құрайтын нысанның аумағы 9 мың шаршы метр болады. Заманауи талаптарға сай салынатын ғимарат жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалады. Емхана халыққа амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық медициналық қызмет көрсететін көпсалалы орталық болмақ. Мұнда жалпы тәжірибелік дәрігерлер бөлімімен қатар, акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, профилактика, мамандандырылған және шұғыл көмек бөлімдері жұмыс істейді.

«Ақмешіт-ақпарат»

СҰХБАТ



Алдамжар Киікбаев, «Astana Hub» дербес кластерлік қорының «AI өнімдер» кеңсесінің директоры:

Мықты ЖИ экожүйесін жасайтын технология емес, адамдар

Жасанды интеллект елдердің экономикалық қуатын, білім беру жүйесін, мемлекеттік басқару Сапасын және бизнесті дамыту бағытында анықтайтын стратегиялық күшке айналады. Әлемдік деңгейде AI үшін бәсекелестіктің күшеюіне қарай Қазақстан да өз мүмкіндіктерін жаңа қырынан көрсетуге ұмтылады. Елдегі IT-экожүйенің серпінді дамуы, стартаптардың халықаралық нарыққа шығуы, жас мамандардың жасанды интеллект саласына көшуі осы бағыттағы үлкен өзгерістердің басталғанын көрсетеді. Бұл ретте Қазақстандағы технологиялық бастамалардың маңызды орталықтарының бірі «Astana Hub» дербес кластерлік қоры болып табылады. Бүгінде мұнда стартаптарды қолдау бойынша ғана емес, сонымен қатар жасанды интеллект өнімдерін дамыту, отандық AI шешімдерін қалыптастыру, тілдік модельдерді жетілдіру, таланттарды дайындау және халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігін беру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жасанды интеллект өнімдерінің кенесінен құру, атап айтқанда, елдегі жасанды интеллектті жеке жобалар деңгейінде емес, біртұтас экожүйе ретінде дамытудың маңызды қадамы болып табылады. Осы өзекті тақырыптарда «Astana Hub» дербес кластерлік қорының AI өнімдері кенесінің директоры Алдамжар Киікбаевпен әңгімелесуге мүмкіндік туды.

– Бүгінде Astana Hub базасында AI өнімдері кенесі белсенді жұмыс істеп жатыр. Кенесінің негізгі миссиясы қандай?

– ЖИ өнімдер кенесінің негізгі мақсаты «Astana Hub» дербес кластерлік қорының ішкі трансформациясы, оның құрылымдық бөлімшелерінің бизнес-процестерін оңтайландыру және AlemPlus платформасында AI-шешімдерді құруға арналған құралдарды әзірлеу.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүрді. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз.

Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.



Алдамжар Киікбаев, «Astana Hub» дербес кластерлік қорының «AI өнімдер» кеңсесінің директоры:

Мықты ЖИ экожүйесін жасайтын технология емес, адамдар

– Бүгінде Astana Hub экожүйесінде 200-ден астам ЖИ жобасы бар. Олардың ішінен нақты өнім шығарып, халықаралық деңгейге танылған жобаларды атап өтсеңіз?
– Astana Hub экожүйесінде халықаралық нарыққа шығып жатқан ЖИ-жобалар бар. Бірақ мен оларды ресми рейтинг ретінде емес, экожүйенің әлеуетін көрсететін үш нақты мысал ретінде атап өтейін. Біріншісі – Higgsfield AI. Бұл генеративті видео жасауға арналған AI-платформа. Өнім мәтіннен немесе суреттен видео жасап, камера қозғалысы, ракурс және визуалды стильді басқаруға мүмкіндік береді. «Higgsfield» Қазақстаннан шыққан алғашқы әлем бойынша «unicom» деңгейіндегі стартап ретінде аталып отыр. Екіншісі – Nasc.AI. Бұл корпоративтік аудит, compliance және қаржылық бақылау саласына арналған AI-агенттер жасап жатқан жоба. Олардың шешімі үлкен көлемдегі құжаттар мен транзакцияларды талдап, тәуекелдерді анықтауға және есептілікті автоматтандыруға бағытталған. Nasc.AI өзінің алғашқы «audit» және «compliance» бағытына арнағанын ашық көрсетеді. Үшіншісі – zyrl.ai. Бұл қаржы секторына арналған «AI agents» және синтетикалық деректер технологияларын дамытып жатқан стартап. Компания банктер мен қаржы ұйымдарына кредиттік тәуекелді бағалау және шешім қабылдау сапасын арттыруға көмектеседі. Бұл жобалар Қазақстандағы ЖИ экожүйесінің әртүрлі бағытта дамып жатқанын көрсетеді. Higgsfield – ЖИ видео, Nasc.AI – compliance және аудит, zyrl.ai – қаржы секторындағы ЖИ. Ең маңыздысы, бұлар тек идея деңгейіндегі жобалар емес, нақты өнім жасап, халықаралық нарыққа шығуға талпынып жатқан командалар.

– ЖИ дамыту үшін үлкен деректер мен есептеу қуаты (GPU) қажет. Отандық стартаптарға бұл бағытта қандай қолдау көрсетіліп жатыр?

– Жасанды интеллект стартаптары үшін деректер мен есептеу инфрақұрылымы – ең маңызды факторлардың бірі. Осы бағытта Astana Hub стартаптарға инфрақұрылымды нөлден құрмай-ақ, тез прототип жасап, өнімді тестілеуге мүмкіндік беретін AlemPlus платформасын ұсынып отыр. AlemPlus – AI өнімдерін жасауға арналған дайын технологиялық орта. Платформада қазақ тіліне бейімделген тілдік модельдер, AI-агенттер құру құралдары, дерекқорлар және автоматтандыру мүмкіндіктері Low-code / No-code форматында тиімді. Яғни стартаптар үлкен техникалық командасыз-ақ өз идеясын тез MVP деңгейіне жеткізе алады. Стартаптар бұл мүмкіндіктерге Astana Hub-тың AIpreneurs, Silkway Accelerator Google for Startups, Startup Garage акселерациялық бағдарламалары арқылы қол жеткізе алады. Қатысу тегін, ал негізгі мақсат – отандық AI-стартаптарға технологиялық инфрақұрылымға, сараптамаға және нарыққа шығуға қолдау көрсету.

– AI-инженерлер қазіргі нарықтағы ең қымбат мамандар. Astana Hub осы таланттарды елде сақтап қалу және жаңа кадрларды даярлау үшін қандай жеңілдіктер мен мүмкіндіктер ұсынады?
– Astana Hub IT – және AI-компаниялар салықтық жеңілдіктер алатын, инфрақұрылымға, серіктестік ресурстарға, бос жұмыс орындарына, стартап-бағдарламаларға және инвестициялық мүмкіндіктерге қол жеткізетін орта жасайды. Жас талантты мамандарды сақтау үшін бұл тікелей маңызды. Компания салық жүктемесінен төмен болған кезде және экожүйеге қол жеткізе алатын болса, ол жалақыға, R&D және инженерлік топтарды дамытуға көбірек инвестиция сала алады. Сонымен қатар Қазақстан халықаралық мамандарға Digital Nomad Visa және Digital Nomad Residency арқылы елге тәжірибелі IT және ЖИ кәсіпқойларды тарту үшін ашылады. Негізгі мақсат – жаңа кадрларды даярлау. Атап айтқанда, Tomorrow School, Astana Hub ұсынған алғашқы ree-to-ree жасанды интеллект мектебі. Ол практикалық жобалар, командалық оқыту және нақты технологиялық тапсырмалар арқылы ЖИ және бағдарламалауға нөлден бастап үйренуге мүмкіндік береді.

– Шетелдік оқу мен халықаралық ортада жүріп тұйғынға түсіп қалып, бағыс немесе Азия елдерінің ЖИ саласындағы даму моделінен біздің елге ең алдымен негізгі негіз қажет деп есептейсіз?

– Шетелдік тәжірибе мен үшін өте маңызды рөл атқарды. Себебі ол маған жасанды интеллекттің тек технология ретінде емес, тұтас экожүйе ретінде қарауға үйретті. Stanford-тағы ЖИ және креативті экономика бағытындағы бағдарлама, сондай-ақ халықаралық технологиялық компаниялармен танысу барысында ЖИ стратегиясы тек модель құрумен шектелмейтін түсінді. Ол деректер инфрақұрылымын, таланттарды, өнімдік ойлауды, қауіпсіздікті, бизнес-процестерді және нарыққа шығу мүмкіндігін бірге қамтуы керек. Біз ЖИ-ды жеке-жеке пилоттық жоба ретінде емес, нақты бизнес процестерді оңтайландыратын өнімдік жүйе ретінде дамытуға тырысамыз. Яғни идеядан бастап прототипке, одан кейін нақты қолданылатын өнімге дейін жеткізетін орта қалыптастыру маңызды. Халықаралық тәжірибе маған мықты ЖИ экожүйесі технология емес, адам жасайтынын көрсетті. Сондықтан Astana Hub стратегиясында стартаптарды қолдау, ЖИ-инженерлерді дайындау, инфрақұрылымға қол жеткізу және халықаралық нарыққа шығу сияқты бағыттар қатар жүруі керек.

Менің ойымша, бізге Батыс пен Азия тәжірибесін ең тиімді үлгісін бейімдеп енгізу қажет. Батыс елдерінен бізге ең алдымен, AI басқару мәдениетін алу керек. Мысалы, Еуропа ЖИ-ды тәуекел деңгейіне қарай реттеу моделін енгізіп жатыр: төмен тәуекелді шешімдерге еркіндік беріледі, ал медицина, қаржы, еңбек нарығы, мемлекеттік қызмет сияқты сезімтал салаларда қауіпсіздік, ашықтық және жауапкершілік талаптары күшейеді. Бұл инновацияны тоқтатпай, қоғам сенімін сақтауға көмектеседі. Азия елдерінен, әсіресе Сингапурдан, бізге жылдан іске асыру моделін алу маңызды. Сингапур ЖИ стратегиясын тек құжат ретінде емес, нақты секторларға енгізу, кадр дайындау, инфрақұрылым құру және бизнестің ЖИ қолдануын жеделдету құралы ретінде қарастырады. Олардың National AI Strategy 2.0 құжаты ЖИ-ды экономикалық өсім құралы ретінде

дамытуға бағытталған. Біз үшін ең дұрыс жол – осы екі тәсілді біріктіру. Батыстың жауапты ЖИ қағидалары және Азияның тәжірибесі, қолдану мәдениеті.

– Қазақ тілді үлкен тілдік модельді жасау барысы қалай жүріп жатыр? Бұл модельдің шетелдік ChatGPT-ден басты айырмашылығы мен инновациялық ерекшелігі неде болмақ?


– Қазақ тілді модельді дамыту қазір ұлттық AI-инфрақұрылымның бір бөлігі ретінде жүріп жатыр. Бұл бағытта екі маңызды қабат бар: KazLLM және AlemLLM. KazLLM – қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдеріндегі 148 млрд токен негізінде оқытылған отандық үлкен тілдік модель. Ресми дерек бойынша, оның 8 млрд және 70 млрд параметрлік нұсқалары әзірленген, әрі ол болашақта түркітілдес кеңістікке арналған TurkLLM жобасының негізіне айналуы тиіс. Ал AlemLLM бағыты Astana Hub және Alem.ai экожүйесінде практикалық қолдануға жақын инфрақұрылым ретінде дамып жатыр. 2026 жылғы деректер бойынша AlemLLM платформасы әзірлеушілерге нейрожелілерді оқытуға қажет есептеу ресурстарына өтімді арқылы қол жеткізуге мүмкіндік береді. Яғни бұл тек тілдік модель емес, AI өнімдерін жасауға арналған технологиялық орта ретінде қарастырылып отыр. ChatGPT-ден басты айырмашылығы – мақсатында. ChatGPT – жаһандық қолданушыға арналған әмбебап өнім. Ал біздің модельдер мен платформалардың негізгі мақсаты – қазақ тілін, жергілікті контексті, мемлекеттік қызметтерді, бизнес-процестерді және отандық стартаптардың қажеттілігін жақсы түсінетін ұлттық AI-қабат қалыптастыру. 2026 жылғы бұл бағыт деректермен де толықтырылуда. «Ashyq Data» порталы арқылы 120-дан астам мемлекеттік дерекқордан жиналған 200-ге жуық ашық деректер жиналтығы ұсынылған, оның 73-і алғаш рет жарияланған эксклюзивті деректер. Бұл ЖИ өнімдерін дамыту үшін маңызды.

– Алдағы 5-10 жылда жасанды интеллект ел экономикасын қалай өзгертуі мүмкін? Біз жаһандық бәсекеге дайынбыз ба?

– ЖИ тек технологиялық тренд емес, елдің өнімділігін арттыратын, жаңа нарыққа жол ашатын және қазақстандық компанияларды жаһандық деңгейге шығаратын үлкен мүмкіндік. Ең алдымен, жасанды интеллект еңбек өнімділігін арттырады. Қайталанатын процестер автоматтандырылып, адамдар күрделі әрі шығармашылық міндеттерге көбірек уақыт бөле алады. Бұл банк, медицина, білім, логистика, мемлекеттік қызмет, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы сияқты көптеген салаға әсер етеді. Екінші үлкен өзгеріс – жаңа ЖИ өнімдер мен стартаптардың пайда болуы. Қазақстанда қазірдің өзінде ЖИ бағытында жұмыс істеп жатқан мықты командалар бар. Егер біз оларға деректерге, есептеу қуатына, акселерацияға, инвестицияға және халықаралық нарыққа шығуға дұрыс мүмкіндік берсек, Қазақстан ЖИ өнімдерін экспорттайтын елге айналады. Үшіншіден, ЖИ мемлекеттік және корпоративтік процестерді әлдеқайда жылдам, ыңғайлы және тиімді етуге көмектеседі. Азаматтарға көрсетілетін қызметтер, бизнеске арналған қызмет, құжат айналымы, талдау, шешім қабылдау – мұның бәрі ақылды әрі проактивті форматқа өте алады. Жаһандық бәсекеге келсек, менің ойымша, Қазақстанның мүмкіндігі өте жоғары. Бізде жас таланттар, өсіп келе жатқан стартап-экожүйе, Astana Hub сияқты алаң, ЖИ білім беру бағдарламалары, Alem.ai бағыты, AlemPlus платформасы және ұлттық тілдік модельдерді дамыту бойынша алғашқы нақты қадам бар.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛА



4-5 мамыр күндері Алматы қаласында өткен GITEX AI Kazakhstan 2026 халықаралық технологиялық көрмесі Қазақстанның жасанды интеллект, цифрлық экономика, стартаптар және халықаралық инвестиция саласындағы жаңа кезеңге өткенін көрсетті. Форумға 60-тан астам елдің өкілі, жүздеген технологиялық компаниялар мен стартаптар, инвесторлар, мемлекеттік сектор, бизнес және ғылым өкілдері жиналды. Цифрлық мемлекет құру, AI-экономиканы қалыптастыру, халықаралық технологиялық ынтымақтастықты күшейту және Қазақстанды Орталық Азия нарығына кіру нүктесі ретінде таңыту басты назарда екені байқалды. Сонымен қатар бұл алаңның тағы бір бірегей ерекшелігі ретінде көптеген жаһандық бренд Cisco мен Cloudflare, Dell және H3C, сондай-ақ Hikvision, Huawei, Kazakhtelecom, Lenovo, Presight, QazCode, Redington, Salesforce және Yandex секілді әлемдік деңгейдегі алпауыт компания өздерінің жасанды интеллект, машиналық оқыту мен гиперскейл-бұлттар саласындағы озық әзірлемелерін ұсынды. Бұған қоса, көрме қонақтары қиберауіпсіздік, финтех, 5G технологиялары мен «ақылды қала» жүйелеріне арналған жаңалықтарымен танысуға мүмкіндік алды.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Стратегиялық келісімдер мен инвестициялық мүмкіндіктер

GITEX AI Kazakhstan-тың алғашқы күнінің қорытындысы бойынша мазмұнды пікірталастар мен қабылданған шешімдер елдің стратегиялық хаб ретіндегі рөлін тағы да растады. Мұнда жаһандық қатысушылар, инвесторлар меморандумдарға қол қойып, кеңес шешімдерін қарастырып, Қазақстанның цифрлық бағытын іс-шара аясынан әлдеқайда кең деңгейде айқындайтын инвестициялық кездесу өткізді. Көрме алаңында 43 елден келген 336 компания мен стартап, сондай-ақ 186-дан астам инвестор өз жобасын ұсынды.

Солардың ішінде «Atlassian» компаниясының көрмеге қатысуы ерекше назар аудартады. Бірлескен жұмыс платформаларын әзірлейтін жаһандық компания Қазақстан нарығына алғаш рет шығып қана қоймай, бірінші рет GITEX іс-шарасына қатысты. Компания System of Work атты AI-платформасын, соның ішінде жеке және мемлекеттік секторда қолдануға болатын Rovo AI құралын таныстырды.

– Rovo AI-ды әлем бойынша күн сайын 5 миллионнан астам адам қолданады. Оның ерекшелігі – әзірлеушілер мен IT-қызметтерден бастап HR және бизнес бөлімдерге дейінгі командалардың барлығына арналған интеллектуалды қабат ретінде жұмыс істеуінде. Бұл жаңа нарық, ал GITEX AI Kazakhstan бізге тамаша бастау нүктесі болды, тұтынушылармен және технологиялық серіктестермен кездесіп, өңірдің нақты қажеттіліктерін түсінуге мүмкіндік берді. Біз тіпті цифрлау, деректерді басқару және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бейімді мамандармен таныстық, осылайша телеком және банк секторындағы жергілікті бизнеске бейімделген шешімдер әзірлей аламыз, – дейді «Atlassian» компаниясының Орталық Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы серіктестермен жұмыс жөніндегі жетекшісі Яна Кунабаева.

5G және цифрлық трансформация

Елдегі 5G технологиясын алғашқылардың бірі болып енгізген ең ірі мобилді операторлардың бірі Kcell форумға ұлттық цифрлық трансформацияны нақты тәжірибесін ұсынды. Компания үшін жасанды интеллект тек болашақ тренд емес, желілерді тиімді басқару мен клиенттерге қызмет көрсетудің құралы ретінде қарастырылды.

– Kcell компаниясында біз жасанды интеллектті клиентпен жұмыс істеуді жақсартуға және желілерді тиімдірек басқаруға көмектесетін практикалық құрал ретінде қарастырамыз. Бұл, әсіресе, бизнеске тұрақты әрі қорғалған байланыс ретінде қажет болатын Private LTE/5G үшін маңызды. Бүгінде біз Қазақстан Private 5G шешімдерін енгізу бойынша бірінші орындамыз және компаниялардың цифрлық трансформациясына қолдау көрсетіп келеміз. Біз үшін GITEX AI Kazakhstan – серіктестермен кездесіп, Орталық Азиядағы цифрлық нарықтың қалай дамып жатқанын талқылауға арналған тамаша алаң, – дейді Kcell компаниясының бас атқарушы директоры Асқар Жамбакин.

Инвесторлар Орталық Азия нарығына назар аударды

Форумның экономикалық мазмұны инвестициялық күн тәртібімен де ерекшеленді. GITEX AI Kazakhstan 28 елден келген, жалпы басқарудағы активтері 200 млрд АҚШ долларын құрайтын 100-ден астам инвесторды біріктірді. АҚШ, Жапония, БАӘ, Франция, Түркия, Ұлыбритания және басқа елдерден келген қорлар Орталық Азияның қарқынды дамып келе жатқан стартап экожүйесіне назар аударды.

GITEX AI Kazakhstan конференция бағдарламасы көрменің мазмұнын тереңдетті. Мұнда жасанды интеллект тек бағдарламалық өнім ретінде емес, өнеркәсіптің, энергетиканың, климаттық саясаттың, деректер орталықтарының, қаржының және қауіпсіздіктің жаңа негізі ретінде қарастырылды. Конференцияда гиперскейл инфрақұрылымнан бастап климатқа бағытталған инновацияларға дейінгі тақырыптар қамтылды.

Trusted Kazakhstan сессиясы шараның негізгі мазмұнын ашты. Егер негізгі павильондарда технологиялық шешімдер мен инвестициялық келісімдер талқыланса, бұл панельде елге келетін адамдардың таңдауы, олардың кәсіби жолы, өмір сапасы, экожүйеге бейімделуі және Қазақстанды ұзақ мерзімді даму алаңы ретінде бағалауы сөз болды.

– Trusted Kazakhstan еліміздің жаһандық цифрлық экономикамен ықпалдасқан, ашық әрі бәсекеге қабілетті технологиялық орта қалыптастыруға бағытталған стратегиялық бағытын көрсетеді. Қазақстан халықаралық IT және ЖИ мамандары, кәсіпкерлері мен технологиялық компаниялары ұзақ мерзімді жұмыс істеп, ауқымын кеңейтетін елге айналып келеді. Біз IT-таланттарды тарту тетіктерін дамытып жатырмыз. Олардың қатарында Digital Nomad Visa, Digital Nomad Residency және E-residency бар. Сонымен бірге өмір сүру мен жұмыс істеуге арналған тұтас инфрақұрылым қалыптастырудамыз. Бұл тек мамандарды тартуға ғана емес, білім алмасу, команда дамыту және жаңа құзыреттер қалыптастыру арқылы адам капиталды күшейтуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде технологиялық кәсіпкерлік пен IT-экспорттың тұрақты өсуіне негіз қаланады, – дейді Astana Hub бас директоры Маржан Мадиев.

GITEX AI Kazakhstan 2026 көрмесі елдің цифрлық болашағын айқындаған маңызды белес. Алматыда өткен екі күндік алаң жасанды интеллект пен озық технологиялардың енді жерде жекелеген салалардың ғана емес, тұтас экономиканы даму қарқынды өзгертетін күшке айналғанын көрсетті. Ірі жаһандық компаниялардың келуі, инвесторлардың қызығушылығы, отандық стартаптардың белсенділігі және мемлекеттік цифрлық саясаттың нақты мазмұнмен толықтырылуы Қазақстанның Орталық Азиядағы технологиялық хаб ретіндегі орнын нығайта түсті.

Бетті дайындаған София ХАЙРУЛЛА

Камила ДОСАНОВА, №3 қалалық емхананың микрореакция мейіргері:

ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫ ҚЫМБАТ

Мейірике – науқастың саулығына жауапкершілікпен қарайтын жанашыр маман есі. Осы орайда, науқастардың дертіне шина табуына атсалысып жүрген денсаулық сақшыларының еңбегін ерекше атауға болады. Адам жанының арашасы болу, науқасқа мейірім мен қамқорлық сыйлайтын мейіргерлердің еңбегі қашанда бағалы. Осы мереке қарсаңында №3 қалалық емхананың микрореакция мейіргері Камила Досановамен сұхбаттасқан едік. Көп жылдық тәжірибесі бар маман өз мамандығына деген адалдығы, науқастарға деген жанашырлығы арқылы әріптестері арасында сыйлы.



– Медицина саласы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мейіргер болу бала күні арманыңыз ба?

– Иә, бұл менің бала күні арманым десем болады. Анам хирургия бөлімінің аға мейіргері болып жұмыс істеді. Кішкентай кезімде оның жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарайтынын, адамдарға көмектесіп жүргенін көріп өстім. Ақ халат киген анам маған әрдайым ерекше көрінетін. Сол кісіге қарап қызығып, дәрігер болуды армандадым. Дәрігер болмасам да арманыма бірталай жақындадым.

– Еңбек жолыңызды қай жерде бастадыңыз? Осы уақыт аралығында медицина саласындағы қандай өзгерістердің куәсі болдыңыз?

– Еңбек жолымды ауылдан бастадым. 2003 жылдың қантар айында Жанакорған ауданындағы перзентханасының реанимация бөлімінде балалар мейіргері болып жұмысқа орналастым. Жас маман ретінде алғаш жұмысқа кіріскен кездер әлі есімде. Ол кезде қазіргі кездегідей заманауи технологиялар көп емес еді. Көп жұмыс қолмен жасалатын. 2012 жылы Қызылорда қаласына көшіп келуіме байланысты осы №3 қалалық емханаға жұмысқа орналастым. Алдын алу және әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету бөлімінің микрореакция кабинетінде мейіргер болып қызмет атқарамын. Осы салада жұмыс істегенім 24 жыл болды. Осы жылдар ішінде медицина саласы айтарлықтай өзгерді. Қазір жана технологиялар, заманауи аппараттар, цифрлық жүйе енгізілген. Бұрын кейбір зерттеулер ұзақ

уақыт алатын болса, бүгінде нәтижелер жылдам шығады. Бұл – дәрігерлер мен мейіргерлердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, науқастарға көрсетілетін қызмет сапасын арттырады.

– Мейіргер деген кім, қызметі қандай, міндеті не? Осы жайында толық айтып берсеңіз?

– Мейіргер – денсаулық сақтау саласындағы маңызды мамандық иесі. Ол дәрігердің кәсіби көмекшісі ғана емес, науқастарға күтім жасайтын және емдеу процесіне тікелей қатысатын орта буынды медициналық маман. Мейіргер диагностикалық жұмыстарға қатысады, науқастың жағдайын бақылайды, дәрігердің тағайындауларын орындайды. Сонымен қатар науқасқа психологиялық қолдау көрсету де маңызды міндеттердің бірі. Кейбір адамдар ауруханаға түрлі ауруларын ойлап, қорқып келеді. Сондай кезде жылы сөз айтып, сабырға шақырудың өзі үлкен көмек.

– Сіздіңше, мейіргердің науқасқа деген қарым-қатынасы қандай болуы керек? Науқастармен жұмыс барысында қандай қиындықтар кездеседі?

– Ең алдымен мейірімді болу керек. Сонымен қатар сабырлық, жауапкершілік, ұқыптылық қиындықтар болуы керек. Себебі біз адам денсаулығына жауаптымыз. Науқастардың мінезі де әртүрлі болады. Біреуі ашулы, кейбірі ұайымдап келеді. Осындай жағдайда әр науқасқа түсіністікпен қарап, сабыр сақтай білу керек. Кез келген жұмыс қиындықсыз болмайды. Кейде науқастар өз жағдайын дұрыс түсінбей қалады

немесе ем қабылдаудан қорқарды. Кейбір науқаспен тіл табуы қиын болуы мүмкін, сондай-ақ ауыр халдегі науқастарды көру психологиялық тұрғыдан да әсер етеді. Бірақ осындай қиындықтарға қарамастан, біз әр науқасқа көмек көрсетуге тырысамыз. Себебі медицина қызметкерінің басты міндеті – адам денсаулығына жауапкершілікпен қарау.

– Мейіргер қызметіне не нәрсеге рұқсат, не нәрсеге тыйым бар?

– Дәрігердің тағайындауына өз бетінше диагноз қоюға немесе тағайындауға болмайды. Бұл – өте маңызды талап. Сонымен қатар науқастың жеке мәліметтерін жариялауға, медициналық этикамыз бұзбауға болмайды. Әр науқастың құпиясы сақталуы тиіс. Одан бөлек санитарлық талаптарды сақтауға үлкен қателік болып саналады. Себебі тазалық – медицинадағы ең маңызды талаптардың бірі.

– Жұмыс барысында есіңізде қалған оқиға...

– Бір күні емханаға кішкентай бала келді. Ол қатты қорқып, жылап, дәрігерлер мен мейіргерлерге жақындамай қойды. Ем қабылдағысы келмей, анасынан айырылмай қалды. Сол кезде мен баламен жай сөйлесіп, оны тыныштандыруға тырыстым. Оған ойыншық беріп, көңілін басқа жаққа аулар-

дым. Біраз уақыттан кейін бала тыныштанып, маған сенім білдіре бастады. Кейін емін де жыламай қабылдады. Осындай сәттер тек медициналық көмек емес, адамға психологиялық қолдау көрсету қажет екендігін аңғартады.

– Мейіргер бойында қандай қасиет болу керек?

– Менің ойымша, мейіргер мамандығына ең алдымен мейірімді, сабырлы және жауапкершілігі жоғары адам келуі керек. Себебі науқастар әртүрлі жағдайда болады: біреуі ауырып киналса, біреуі қорқып немесе ұайымдап жүреді. Сондықтан мейіргер оларға түсіністікпен қарап, жылы сөйлей білуі қажет. Тағы бір атап айтарлығы, мейіргердің психологиялық тұрғыда мықты болуы. Кез келген жағдайда эмоцияға берілмеуі керек. Ауырып келген адаммен бірге жылап, онымен бірге сасқалақтап, эмоцияға беріліп тұрсаң, уақыт өтіп кетеді. Көмектесіп үлгермей қалуы мүмкін.

– Халықтан алғыс алған кездегі әсеріңіз...

– Науқастың шынайы алғысы бізге үлкен мотивация береді. Кейде жұмыста шаршаған сәттер болады, бірақ науқастың «рахмет» деп шын көңілмен айтып барлық еңбектің ақталғанын сездіреді. Әсіресе науқастың жағдайы жақсарып, күлімдеп шыққанын көру бізге қуаныш сыйлайды.

– Мейіргер жұмысы одан әрі жақсарту үшін не істеу керек? Маман ретінде пікіріңізбен бөліссеңіз?

– Ең алдымен мейіргерлердің еңбегін бағалау қажет. Олардың жұмыс уақыты мен демалысы дұрыс ұйымдастырылса, олар өз міндетін сапалы атқара алады. Сонымен қатар заманауи құрал-жабдықтар мен таза жұмыс ортасы да маңызды. Тағы бір маңызды нәрсе – білімді үнемі жетілдіру. Мейіргерлер жаңа медициналық әдістерді үйреніп, тәжірибесін дамытып отыруы керек.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Айтқалқы АЙТЖАНОВА



Дүбірлі айтыс дүркіреп өтті

«Өнер орталығында» даңқты қолбасшы Жалаңтөс Баһадүрдің 450 жылдығына арналған «Алты Алаштың арысы – Ер Жалаңтөс!» атты республикалық ақындар айтысы өтті.

Ерлік пен батырлықтың даңқын асқатқан айтыс аламының дүбірлі додасына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұрғали Жүсіп, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов, айтыскер ақын, «Алтын домбыра», мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Бекарыс Шойбеков, Мәдениет қайраткері Кеңебай Жүсіп қазылық етті. Айтыс аламының белгілі ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтаев жүргізді.

Айтысты облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабидінулы ашып, әр өңірден ат терлетіп келген айтыскер ақындарға сәттілік тіледі.

– Женістің күні даңқты қолбасшы Жалаңтөс Баһадүрдің 450 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысы басталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тарихты білу дегеніміз – өткенмен өмір сүру емес. Біз тарихымызды терең білу және одан тағылым алу арқылы өткеннің қателігін қайталамайтын, Ұлы даланы мекендеген ұлы бабалар жолын лайықты жалғастыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз», – деген еді.

Жалаңтөс Баһадүр – Қазақ хандығының сын-дарлы кезінде саясаткер әрі қолбасшы болған, ел есінде мәңгі сақталған бірегей тұлға.

Аймағымызда батыр рухына арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның ішінде бүгінгі республикалық айтыстың маңызды ерекше. Себебі қатысушылардың бәрі – бейбіт күнгі батырлар бейнесін өлеңмен өріп, ұрпаққа рухани тәрбие сіңірген тарландар.

Сөз – қуатты құрал, ақын – сөз құдіретін кеудеде қорытып, ой-санаға қоюшы. Сондықтан бүгін ерлік даңқы аспандайтын күн болмақ. Сөз жүйріктеріне батыр атын асқататын, ел рухын көтеріп, мәреге сүрінбей жетіп, бәйгелі болыңыздар дейміз. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді Мейрамбек Зинабидінулы.

Айтыс аламында ой жүйірігімен шаршы топта ат озырған 12 ақын бақ сынады.

Шығыстың шолпан жұлдызындай танылып сөз мәйегінің санін келтіріп, ой ұшқырлығымен,

Гайһап АСҚАРҚЫЗЫ

Біздің жұмыс салғырттықты көтермейді

Әлі күнге сол бір беймаза күндер ойға оралса, еріксіз жанарына жас үйіріледі. Ел есендірген қиын күндерде науқастардың қас-қабағына қарап, жанын шүберекке түйіп, қатерлі дертпен бетпе-бет келсе де жасқанбай, ақ халатын кір шалдырмай сан сынақтан өткен еді. Пандемия кезінде дерт меңдеген жанның жанына жалау болып, жылы сөзі мен шипалы емін аяған емес. Талай жұппалы дерт жұқтырған науқастардың аурудан құлдан таза жазылуына себепші болды. Өзінің жүрек қалауымен таңдаған мамандығына адалдығынан болар, Жезқазған медициналық училищесін бітірген соң Қызылорда облыстық жұппалы аурулар ауруханасында табан аудармай 35 жыл мейіргер қызметінде абыройлы еңбек етті. Кейіпкеріміз Адила Успанқызы – бүгінде өз ісінің шебері, білікті маман. Кейінгі буын мейіргерлерге өз тәжірибесін бөлісіп, ақыл-кеңесін аяған емес.



– Ана жүрегі мейірімге толы. Әсіресе балалардың ауырғаны қиын. Қай жері ауыртынын да айта алмай шыршадағанда жүрегіміз толқып, анасымен қосыла киналамыз. Балалар ішек аурулар бөлімшесіне науқастар мезгілге қарамай түсіп жатады. Түнгі кезекшіліктің өзіне сай қиындығы бар. Қазір жас мамандарға өз тәжірибем бойынша дәріс беремін. Медицинадағы өз саламызға қатысты заманауи әдістерді меңгеру үшін

біліктілік курстарынан өтіп тұрамын. Біздің жұмысымыз өте жауапты. Соған қарамастан мамандығымызды жақсы көрген соң науқастармен тіл табысып, жылы қарым-қатынас орнатуды қалаймын. Әсіресе бала жүрегі нәзік, әсершіл. Ауырған соң беймаза күнге түседі. Ата-анасына да онай емес. Психологиялық қолдау көрсетіп, мейіріммен қарау ақ халаттың міндеті деп ойлаймын. Біздің жұмыс салғырттықты көтермейді. Өйткені бала өміріне жауаптымыз. Талай

сын сағатты бастан өткердік. Тағдыры қыл үстіндегі нәрселерді дәрігерлердің батылдығы мен білімділігінің арқасында ажалдан алып қалдық. Үйге оралғанда да науқастың жағдайы қалай болды екен деп алаңдап отырамын, – дейді білікті мейіргер А.Успанқызы.

Тәжірибелі мейіргер тынымсыз еңбегінің арқасында құрмет төрінен көрініп келеді. Ұжым арасында ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленіп, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Алайда еткен еңбек ешқашан жетпейді. Еңбегі еленіп, облыстық денсаулық сақтау басқармасының Алғыс хатымен, Ұлттық медициналық ассоциациясының «Мейірім» төсбелгісімен марапатталған.

Бүгінде Адила Успанқызы аяулы жар, ардақты ана, асыл әже. Екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр.

Мейіргер мамандығы барынша мейірбан адамның пәшенесінде жазылған секілді көрінеді. Себебі науқастың көңілін табу, жылы сөзбен емдеу екінің бірінің қолынан келмейді. Оған сабыр, төзім керек. Елдің алғысы мен құрметіне бөленген ақ халаттың бойында осы қасиеттер көрініс тапқаны мамандығына адалдығынан болар.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

МАМАН КЕҢЕСІ


ЕКПЕ САЛДЫРЫП, АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛ!

Қазіргі таңда кейбір ата-аналар діни көзқарасына байланысты балаларына профилактикалық екпе салдырудан бас тартып жатады. Олар вакцина құрамына күмән келтіріп немесе оны дінге қайшы деп ойлауы мүмкін. Алайда бала денсаулығын қауіпті жұппалы аурулардан қорғаудың ең сенімді жолы – екпе салдыру. Ол бала ағзасында белгілі бір ауруларға қарсы иммунитет қалыптастырып, түрлі қауіпті инфекциялардан қорғайды. Уақытылы салынған вакцина балалардың денсаулығын нығайтып, олардың қауіпсіз әрі сау болып өсуіне мүмкіндік береді. Ислам дінінде адам өмірін сақтау – ең маңызды құндылықтардың бірі. Денсаулыққа зиян келтірмеу, аурудың алдын алу және балаға қамқорлық жасау – әр ата-ананың міндеті болып саналады.

Кейбір ата-аналар әлеуметтік желідегі дәлелсіз ақпараттарға сеніп, профилактикалық екпелен бас тартып жатады. Алайда медицина саласында әр вакцина арнайы тексеруден өтіп, қауіпсіздігі дәлелденеді.

Дәрігерлер екпенің пайдасы оның ықтимал жанама әсерлерінен әлдеқайда жоғары екенін үнемі айтып келеді. Діни тұрғыдан қарағанда да, бала денсаулығына нөмірқұрайлы қарауға болмайды. Егер екпеден бас тарту салдарынан бала ауыр дертке шалдықса, бұл тек бір отбасыға ғана емес, бүкіл қоғамға кері әсерін тигізеді. Себебі жұппалы аурулар басқа балаларға да таралуы мүмкін. Сондықтан ата-аналар дәрігер кеңесіне сүйенгені жөн. Бала денсаулығын қорғау, оның болашағына жауапкершілікпен қарау – әр ата-ананың басты парызы.

Айһур ШАМШНЕВА,
№3 қалалық емханасының
бөлім меңгерушісі,
жалпы тәжірибелі дәрігер



АДАМИ КАПИТАЛ — ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҒЫ

Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағидаттар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілген.

Сонымен қатар мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің несі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген. Ата Заңымыздың жана мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация атап көрсетілді. Бұл мемлекеттің болашағы министрлер кабинеті мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс.

Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – цифрландыру. Осыған байланысты Конституцияның жана мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді.

Конституцияның жана мәтінінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Прембулада гана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше бастылығы әрі мағыналық өзегі ретінде айқындалған.

Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалады.

Басы 1-бетте

Неке ер адам мен әйел адамның ерікті және тең құқықты одағы екендігі туралы ереже енгізіледі. Конституцияның негізгі новеллаларының ішінде мыналарды атап өтуге болады: 145 депутаттан тұратын және жана, кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы жана Парламент – Құрылтай құрылады. Оны құру кезінде пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды.

Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатын дамытуға, олардың институционалды ролін арттыруға және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады.

Вице-президент институтын құру. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

Адвокаттық қызметке және адвокаттураға арналған арнайы бап алғаш рет Конституцияда бекітіледі. Зияткерлік меншік құқығын қорғау қамтамасыз етіледі. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заң-



дарға, сол құқық бұзушылық үшін қайтадан жауапқа тартуға жол бермеуге тыйым салуды және кінәсіздік презумпциясы қағидаттарына, қоса алғанда, азаматтардың құқықтарына кепілдік күшейтіледі. Еліміздің жана Ата Заңының мәтіні қалыптасқан мемлекеттік құрылымды, халықаралық беделді, адами капиталды, білім, ғылым және инновацияларды дамытудағы Қазақстанның айқын басымдығын атап көрсетеді.

Әльмира ТОЙЛЫБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құқықтану БББ-ның қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы, философия докторы (PhD)



АУЫЛДЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

ҚЫЗЫЛЖАРМА КАНАЛЫ ЖӨНДЕЛУДЕ

Ауылдық округте орналасқан Қызылжарма каналы қала тұрғындарына елу жылдан астам қызмет еткені белгілі. Қаладағы инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы ірі жоба игілігімен канал заман талабына сай қайта жөнделіп, жергілікті тұрғындарды аяқсумен қамтып отыр. Құрылыс жұмысының сапалы жүргізілуіне қала әкімі Нұржан Ахатов баса назар аударып, жұмыс сапасына назар аударуда. Бұл канал арқылы тек Қызылжарма емес, «КБИ», «Коммунизм», «Шанхай», «Гагарин» шағын аудандарының халқы да аяқсумен қамтылып отыр. Бұл – ірі су айдындарының бірі. Ұзындығы 13800 метрлі құраса, ені 11 метр шамасында. Алдағы уақытта канал аумағы абаттандырылып, тұрғындар тынығатын саялы орынға айналмақ. Каналдың жағалауына жаяу жүргіншілер жолы салынып, заманауи жарық шамдары орнатылмақ. Бұл қызылжармалықтар үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік берді.

КӘСІПКЕ БЕТБҰРЫС БАР

Ауылда 4 айда 406 кәсіпкерлік нысаны тіркелген, 176 мал шаруашылығы, 6 шаруа қожалығы, 30 дүкен, 3 монша, 4 шаштараз, 5 көлік, 1 кондитерлік цех, 2 ауызсу өндірісі, 2 дәрханана, 1 мейрамхана, 1 асхана, 2 пластикалық есік, терезе шығаратын, 6 тігін цехы, 5 дәнекерлеу цехы, 11 көлік тасымалы, 2 оқу орталығы, 2 АӨК кооперативі, 2 сауда саттық, 2 жеке балабақша жұмыс істеуде.

– Кәсіпкерлікті дамытуды биыл да тиянақты қолға алмақпыз. «Аграрлық несиелік компания» АҚ арқылы «Жұмыспен қамтудың 2021-2026 жылдарына арналған жол картасының» «Іскер» бағдарламасымен 3 жобаның құжаты жинақталуда. Сонымен қатар «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ЖШС арқылы 10,0 млн теңгені құрайтын 1 жоба комиссияға ұсынылды. 2026 жылдың 3 айына «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант (400 АЕК) бойынша 15 жоба жоспарлануда. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамы арқылы 13,2 млн теңгені құрайтын 2 жоба қолдау тапты. Қосымша 4 жобаға өтінім беріліп, комиссияға ұсынылуда.

Р.Әлқожаның «Сырдария», Ш.Қалдаяқовтың әндерінен папури, халық әндері «Сәулел-ай», «Ақ жайнақ» «Той бастар» әндері бар. Жыл көлемінде ансамбль ұжымы арнайы бағдарламалармен төрт концерт өткіздік. «Отбасым – өнерім, өмірім» атты шығармашылық концертін С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде, Қызылжарма мәдениет үйінде өткізіп, елдің құрметіне бөлендік. «Жан жылуы» атты қайырымдылық концертін өткіздік. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңіне қатысып, «Өнерлі отбасы» номинациясын иелендік, – дейді ансамбль жетекшісі Рүстембек Қожабеков.

Ансамбль мүшелері қалада өтіп жатқан барлық іс-шарада белсенділік танытып келеді. Сан өнерді бойына тұмарлаған Қожабековтер ансамбль болашақта репертуарларын қазақ композиторларының



БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Ауылдық округтегі 100 жылдан астам тарихы бар Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебінің тыныс-тіршілігімен таныстық. Білім ұясында 2422 оқушыға 248 мұғалім білім мен тәрбие беру жолында қажырлы еңбек етуде. Мектептің жеткен жетістігі де ауыз толтырып айтарлықтай.

– 2025-2026 оқу жыл біздің мектеп үшін олжалы жыл болды. 5-11 сынып оқушыларының пәндік олимпиадасының қалалық кезеңіне 64 оқушы жіберіліп, оның 41-і қалалық олимпиада жеңімпаздары атанса, 4 оқушы облыстық кезеңге жолдама алып, қала абыройын асқақтатты.

Ауылдық жердегі мектеп оқушыларының дарыны мен қабілетін анықтау және оларға қолдау білдіруді мақсат еткен ауыл мектептері оқушыларына арналған 9-11 сынып оқушыларының олимпиадасы был үшінші жыл өз мөресіне жетті. Олимпиаданың мектепшілік кезеңі мен қалалық кезеңіне 26 оқушы оза шауып, облыстық кезеңде өз білімін сынаса, оның 14-і облыстық, 2-уі республикалық олимпиада жеңімпазы атанды. 2 республикалық, 15 облыстық, 67 қалалық пәндік олимпиададан жүлделі оралды.

Билығы ғылыми-зерттеу жобамен 4 оқушы «Дарын», 1 оқушы «Зерде» байқауларының облыстық кезеңіне қатысып атанса, 20 оқушы қалалық кезеңнен жүлделі орын иеленді. Бұдан бөлек, 300-ге жуық оқушы спорт, өнер бағытындағы түрлі сайыс пен байқау жеңімпаздары атанып, мектеп мерейін өсірді, – дейді мектеп директоры Асылбек Макашев.

Былтырғы оқу жылында мектепті 116 оқушы бітірсе, оның 101-і жоғары оқу орынының, 15-і арнаулы оқу орынының студенті атанған. Грант иегерлерінің үлесі 65%.

Билығы оқу жылында 113 оқушы мектеп бітіреді. Оны 6-уы «Алтын белгіге», 4-уі

«Үздік аттестатқа» үміткер. Шәкірттердің жұлдызын жағуда ұстаздардың еңбегі ерен.

ОҚЫРМАНЫ КӨП КІТАПХАНА

Қызылжармалықтардың кітапқа қызығушылығы қай денгейде екенін білмеқ болып кітапханаға бас сұқтық. Оқырмандардың көпшілігі жастар мен оқушылар екен. Бір қуанарлығы, кітапханаға тұрақты келетін оқырман көп екен.

Кітапхана интернет желісімен қамтамасыз етіліп, 48 кітап электронды сандық жүйеге көшірілген. Біз барғанда кітапханада «Жаңа кітаптар – жан азығы» тақырыбында іс-шара өтіп жатыр екен. Кітапханашы Қ.Сраждинова оқырмандарды жаңа кітаптармен таныстыруға бағытталған дебют көрме өткізді.

Көрмеде әртүрлі жанрдағы жаңа кітаптар ұсынылды. Көркем әдебиет, поэзия, балалар әдебиеті, сондай-ақ әлем және қазақ әдебиетінің жаңа басылымдары. Кітапхана оқырмандары Баубек Бердиев, Аяғыз Нұрлыбекқызы, Мағжан Серікбай көрмені тамашалап, жаңа авторлармен танысты.

– Кітапханаға жиі келіп тұрамыз. Қызметіне ризамыз. Бүгін мен түркітің көрнекті жазушысы Орхан Кемалдің «Әке үйі» романын, «Аласқан ұлыңды жазғыра көрме, жаратқан!» атты туындыны, Сауле Досжанның жасөспірімдер мен балаларға арналған «Бала шақтан болашаққа» атты ғұмырнамалық повесін оқуға алдым. Кітаптан түйгенімді қойын дәптеріме жазып жүреміз, – дейді белсенді оқырман Аяғыз Нұрлыбекқызы.

Жаңа кітаптардың шынайы келбетімен танысып, көтеріңкі көңіл-күймен қалаға қайттық. Мемлекеттік бағдарлама игілігімен, заманауи жаңашылдықпен көрейіп жатқан ауылдың болашағы нұрлы, келешегі кемел боларына күмән жоқ.

Гаяһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ



«Бизнес-Бастау» оқу курсы аясында Қызылжарма ауылдық округінен 34 адам оқытылып, сертификаттың алды, – дейді ауыл әкімі.

ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ

«Ел іші – өнер кеніші» деп тегін айтылмаған. Қызылжармалық Қожабековтер отбасылық ансамблі бүгінде тек аймаққа ғана емес, республикаға танылып үлгерді. Ұлттық өнерді насихаттауды мұрат тұтқан ансамбль 2012 жылы Қызылжарма ауылдық клубы жанынан құрылды. Бүгінде ансамбль құрамында 10 өнерпаз бар. Өрдайым ізденіс пен шығармашылық өрлеу үстінде жүретін ансамбль мүшелері қазақтың ұлттық киімі мен салт-дәстүрін де үздіксіз насихаттап келеді.

– Біздің мақсатымыз қаймағы бұзылмаған қазақы болмысымызды паш ету. Оның үстіне Сыр елі ұлттық құндылықты танытуда республика көлемінде көш бастап тұр. Қазақтың барлық мерекесінде өнер көрсетіп, дәстүрлі өнерді де балаларымыздың бойына дарыттық. Өнерлі отбасында дүниеге келген соң күй шерткізіп, өлең айтқызып, домбыра тартқызып, өнерге баулыдық. Өнерді бойына серік еткен баланың жаны нәзіктік пен мейірімге толы болады. Репертуарымызда жергілікті композиторлар Ш.Сүлейменовтің «Сыр еліміз», С. Ұлықпауының «Ақ көгершін», Р.Таймановтың әні «Қызылорда»,

Басы 1-бетте

күйлерімен толықтыруды жоспарлап отыр.

АУЫЛ АЗАМАТЫМЕН АРДАҚТЫ

«Туған жер – Мысыр шаһары» демеіме, дана халқымыз. Бұл елді мекенде сол аталы сөзді өмірлеріне үлгі қылған азаматтар аз емес. «Қасиетті топырақтың киесі болар» – дейді Қызылжарма ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Молдашбек Ордабаев.

– Қызылжарма ауылдық кеңесін 20 жылдай басқарған Еңбек Қызыл ту орденді Қалмақ Сексенбаев, 1975-1980 жылдары Комсомол совхозын басқарған Совет одағының батыры Нағи Ильясов, 1980-1985 жылдары Қазақ ССР-на еңбегі сіңген агроном, Еңбек Қызыл ту орденді Әшім Ибраев, 1985-1990 жылдары совхоз техникумды басқарған екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденін алған Жақсылық Зимановтар біздің ауылдың мақтаныштары, – дейді ардагер.

Бұған қоса атақты сауыншы, 6-шы шақырылған Қазақ ССР-ның жоғары кеңес депутаты, Қазақ ССР-на еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері, Октябрь ордендерінің иегері Баян Піржановамен, диқан, батыр ана Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Қатшағұл Арапбаевамен, озат күс өсіруші, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Несібелі Ибраевамен тек қызылжармалықтар емес, тұтас ел мақтанады.



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер авторының қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторының, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басы үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3858 Тапсырыс №787

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ